

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 қарашадағы № 388 қаулысы. Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 желтоқсанда № 9-15-139 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 қарашадағы № 334 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2012.11.19 № 334 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Меңдіқара ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота, жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. К. К и і к б а е в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Жақыпов

КЕЛІСІЛДІ:

"Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
б а с т ы ғ ы

\_\_\_\_\_ С. Плотникова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК